

Қазақстан Республикасының 1930 жылғы 7 маусымдағы Женева конвенцияларына қосылуы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 21 тамыздағы N 2418

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының Z933600_2-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. 1930 жылғы 7 маусымдағы мынадай Женева конвенцияларына қосылуы жүзеге асырылсын:

аударымды және жай вексельдер туралы бірыңғай Заңды белгілейтін Конвенцияға. Қосылу аталған Конвенцияның II қосымшасындағы 2,4,6-15,17,18,20-баптарында көзделген жәйттерді ескере отырылып жүргізілсін;

аударымды және жай вексельдер туралы заңдардағы кейбір пікір алалығын шешуді мақсат ететін Конвенцияға;

аударымды және жай вексельдерге қатысты гербтік жыйлымы туралы Конвенцияға.

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті